

Ақтоғай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 11 сәуірдегі 21 сессиясының " Ақтоғай аудандық мәслихаттың Регламентін бекіту туралы" № 200 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 22 қазандағы 26 сессиясының № 244 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 қарашада № 2814 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай қалалық мәслихатының 2017 жылғы 5 желтоқсандағы № 157 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай қалалық мәслихатының 05.12.2017 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қоланысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 9 бабына және "Мәслихаттың үлгі регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 704 Жарлығына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақтоғай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 11 сәуірдегі 21 сессиясының "Ақтоғай аудандық мәслихаттың Регламентін бекіту туралы" 200 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2648 болып тіркелген, 2014 жылғы 29 мамырдағы "Тоқырауын тынысы" газетінің № 22 (7442) сандарында жарияланған), келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ақтоғай аудандық мәслихатының регламентінде:

орыс тіліндегі 2 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"2. Районный маслихат (местный представительный орган) – выборный орган , избираемый населением района выражающий волю населения и в соответствии с законодательством Республики Казахстан определяющий меры, необходимые для ее реализации, и контролирующий их осуществление.

Маслихат не обладает правами юридического лица.";

қазақ тіліндегі 5 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"5. Жаңадан сайланған мәслихаттың бірінші сессиясын аудандық мәслихат үшін белгіленген депутаттар санының кемінде төрттен үш бөлігі болған кезде,

аудандық мәслихаттың депутаттары тіркелген күннен бастап отыз күндік мерзімнен кешіктірмей аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы шақырады.";

орыс тіліндегі 13 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"13. По вопросам, относящимся к ведению маслихата, на сессии районного маслихата приглашаются аким района, сел, поселков и сельских округов, руководители и иные должностные лица организаций, работа которых рассматривается на сессии. Допускается присутствие на сессиях представителей средств массовой информации, государственных органов и общественных объединений по приглашению председателя сессии.";

қазақ тіліндегі 26 тармағының бірінші абзацы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Түзетулер жеке-жеке дауысқа салынады, оларға дауыс берудің ретін төрағалық етуші айқындайды. Өзара қарама-қайшы келетін түзетулер бойынша дауыс беру алдында соңғысын төрағалық етуші оқиды. Түзету авторларының олардың мәні бойынша түсінік беріп немесе оларды талқылаудан алып тастау туралы ұсыныспен сөз сөйлеуіне жол беріледі.";

қазақ тіліндегі 27 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"27. Жоспарлардың, аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламаларының, олардың орындалуы туралы есептердің, аумақты басқару схемаларының жобалары және мәслихат сессиясының қарауына шығаралатын басқа да мәселелер, сондай-ақ олар бойынша шешімдердің тиістілігіне қарай келісу бұрыштамалары қойылған, барлық қажетті материалдары қоса берілген қазақ және орыс тілдеріндегі жобалары мәслихатқа кезекті сессияға дейін үш апта бұрын мәслихаттың тұрақты комиссияларының қарауына енгізіледі.";

қазақ тіліндегі 33 тармағының екінші абзацы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Мәслихат хатшысы жылына кемінде бір рет мәслихаттың кезекті сессияларында мәслихаттың қызметін ұйымдастыру бойынша атқарылған жұмыс, депутаттардың сауалдары мен депутаттық өтініштердің қаралу барысы, сайлаушылардың өтініштері және олар бойынша қабылданған шаралар, мәслихаттың жергілікті өзін-өзі басқарудың өзге де органдарымен өзара іс-қимыл жасауы, мәслихат аппаратының қызметі туралы есеп береді.";

орыс тіліндегі 67 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"67. Деятельность государственных служащих аппарата маслихата осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

С истечением срока полномочий маслихата, в случаях досрочного прекращения полномочий маслихата и выборов нового состава его депутатов, деятельность государственных служащих аппарата маслихата не прекращается.".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,
аудандық мәслихаттың
хатшысы

М. Оңғарқұлов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК